

Қазақстан Республикасының Жұмыспен қамту саласындағы саясат туралы 1964 жылғы Конвенцияға қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 қарашадағы N 286-І Заңы

Қазақстан Республикасы Женевада 1998 жылғы 9 шілдеде қол қойылған Жұмыспен қамту саласындағы саясат туралы 1964 жылғы Конвенцияға қосылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

122 Конвенция

Жұмыспен қамту саласындағы саясат туралы Конвенция

Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесінің шақыруымен 1964 жылдың 17 маусымында өзінің қырық сегізінші сессиясына жиналған Халықаралық Еңбек Ұйымының Б а с К о н ф е р е н ц и я с ы

Филодельфия декларациясы Халықаралық Еңбек Ұйымының әлем елдерінде жұмыспен толық қамтылуына және тұрмыс деңгейінің арттырылуына қол жеткізу мақсаты бар бағдарламаларды дүние жүзі елдерінің қабылдауына ықпал ететін салтанатты түрдегі міндеттемесін танитынын және Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының кіріспесінде жұмыссыздықпен күрес жүргізу және тұрмыс жағдайын қанағаттанарлық жалақымен қамтамасыз ету кепілдігі көзделетінін назарға ала отырып,

бұдан әрі Филодельфия декларациясы өз күшінде экономикалық және қаржы аспектілерінің осы декларацияда жарияланған "барлық адамдар нәсіліне, сенімі немесе жынысына қарамастан бостандық пен қадыр-қасиеті, экономикалық тұрақтылық пен тең мүмкіндіктер жағдайында өзінің материалдық әл-ауқатын және рухани дамуын жетілдіруге толық құқылы" деген басты мақсаттарға сәйкес жұмыспен қамту саласының саясатына ықпалын зерттеп, талдау Халықаралық Еңбек Ұйымының міндетіне кіретінін назарға ала отырып,

адамдар құқының жалпыға бірдей декларациясында "әрбір адамның еңбек етуге, жұмысты еркін таңдауына, әділетті және қолайлы еңбек жағдайына және жұмыссыздықтан қорғалуға құқы бар" екені көзделетінін назарға ала отырып,

жұмыспен қамту саласындағы саясатқа, әсіресе 1948 жылғы жұмыспен қамту қызметтері туралы Конвенция мен Кепілдемеге: 1949 жылғы кәсіптік бағдар туралы Конвенцияға, 1962 жылғы кәсіптік оқу туралы Кепілдеме мен 1958 жылғы еңбек және

жұмыспен қамту саласындағы кемсітушіліктер туралы Конвенция мен Кепілдемеге тікелей қатысы бар қолданылып жүрген халықаралық еңбек қатынастары мен кепілдемелерін ескере отырып,

осы актілердің бәрі толық, өнімді және еркін түрде таңдап алған жұмыспен қамту негізінде экономикалық дамудың әлдеқайда кең халықаралық бағдарламасы шеңберінде енгізілуге тиіс екенін назарға ала отырып,

жұмыспен қамту саласындағы саясатқа қатысты, сессияның күн тәртібінің сегізінші тармағының бір бөлігі болып табылатын бірқатар ұсыныстарды қабылдау туралы қаулы ете отырып,

осы ұсыныстарға конвенция нысанын беруді ұйғара отырып, 1964 жылдың жұмыспен қамту саласындағы саясат туралы Конвенциясы деп аталатын төмендегі Конвенцияны бір мың тоғыз жүз алпыс төртінші жылдың шілде айының тоғызында қабылдады.

1-бап

1. Ұйымның әрбір мүшесі экономикалық өсуді ынталандыру және дамыту, жұмыс күшіне деген қажеттілікті қанағаттандыру және жұмыссыздық пен жарым-жартылай жұмыссыздықты жою мақсатында толық, өнімді және еркін еңбекті таңдап алған жұмыспен қамтуға бағытталған белсенді саясатты басты мақсаты ретінде жариялап, жүзеге асырады.

2. Бұл саясаттың мынадай мақсаттары бар:

- а) жұмыс іздеуші және оны орындауға әзір адамдардың бәрі үшін жұмыс болуын;
- б) бұл жұмыстың барынша өнімді болуын;
- с) әрбір еңбекші жұмысты еркін таңдап алуын және даярлықтан өтуін және қолынан келетін жұмысын нәсіліне, түсіне, жынысына, дініне, саяси көзқарасына, шетелдік тегіне немесе шығу тегіне қарамастан орындауын, олардың дағдылары мен қабілетін пайдалануына кең мүмкіндіктер ашылуын қамтамасыз етеді.

3. Бұл саясат экономикалық дамудың кезеңі мен деңгейін және жұмыспен қамту саласындағы мақсаттар мен басқа да әлеуметтік-экономикалық мақсаттар арасындағы өзара байланысты тиісті деңгейде ескереді, демек ол ұлттық жағдайлар мен практикаға сәйкес әдістердің көмегімен жүзеге асырылады.

2-бап

Ұйымның әрбір мүшесі ұлттық жағдайларға сәйкес келетін, осы жағдайлар мүмкіндік беретін шамадағы әдістердің көмегімен:

- а) 1-бапта көрсетілген мақсаттарға жету үшін қажетті шараларды үйлестірілген экономикалық және әлеуметтік саясат шеңберінде анықтап, мерзім өткен сайын қайта қарап отырады;

б) осы шараларды қабылдау үшін қажет болатын қадамдарды қабылдайды, оған бағдарламаны әзірлеу үшін мақсатты болатын жағдайлар да енеді.

3-бап

Көзделіп отырған шараларға мүдделі ортаның өкілдері, атап айтқанда кәсіпкерлер мен еңбекшілер өкілдері осы Конвенцияны қолданған кезде жұмыспен қамту саласындағы саясатқа қатысты консультацияларға қатыстырылады, өйткені ол олардың тәжірибелері мен пікірлерін толығынан ескеру және осы саясатты тұжырымдау мен қолдауда толығынан ынтымақтаста болуына олардың келісімін алу үшін керек.

4-бап

осы Конвенцияны күшіне енгізу туралы ресми құжаттар тіркеу үшін Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберіледі.

5-бап

1. Осы Конвенция Бас Директор бекіту туралы құжаттарын тіркеген Халықаралық еңбек Ұйымының Мүшелерін ғана байланыстырады.

2. Ол Ұйымның екі Мүшесінің бекіту туралы құжаттарын Бас Директор тіркегеннен кейін 12 ай өткесін күшіне енеді.

3. Ақырында осы Конвенция Ұйымның әрбір Мүшесіне қатысты оны күшіне енгізу туралы құжат тіркелгеннен кейін 12 ай өткесін күшіне енеді.

6-бап

1. Ұйымның осы Конвенцияны бекіткізген кез-келген Мүшесі ол алғаш күшіне енгізілген күннен бастап он жыл өткесін оны бұзу туралы Халықаралық Еңбек Ұйымының Бас Директорына акт жіберіп, оны тіркету арқылы бұза алады. Конвенцияны бұзу туралы акт тіркелгесін бір жылдан кейін күшіне енеді.

2. Осы Конвенцияны бекіткен, бірақ жоғарыдағы тармақта көрсетілген он жыл мерзімде осы бапта көзделген оны бұзу туралы өзінің құқын пайдаланбаса ол тағы да келесі он жылға созылады, демек осы Конвенцияны әрбір он жыл өткен сайын осы бапта белгіленген тәртіпте бұза алады.

7-бап

1. Халықаралық Еңбек Ұйымының Бас Директоры өзіне Ұйым Мүшелерін келіп түскен құжаттардың барлығының тіркелгені туралы Халықаралық Еңбек Ұйымының Мүшелерінің бәріне хабарлайды.

2. Бас Директор бекіту туралы алынған екінші құжаттың тіркелгені туралы Ұйым Мүшелерін хабарлай отырып, олардың назарын осы Конвенция күшіне енгізілетін күнге аударады.

8-бап

Халықаралық еңбек Бюросының Бас Директоры жоғарыдағы баптың ережелеріне сәйкес тіркелген бекіту туралы құжаттарға және оны бұзу туралы актілерге қатысты деректердің бәрін Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркеу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына жібереді.

9-бап

Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі қажет деп табатын әрбір кезде ол Бас Конференцияға осы Конвенцияны қолдану туралы баяндама ұсынады және оны толығынан немесе жарым-жартылай қайта қарау туралы мәселенің Конференцияның күн тәртібіне қойылуын шешеді.

10-бап

1. Егер Конференция осы Конвенцияны толығынан немесе жарым-жартылай қайта қарайтын жаңа конвенция қабылдайтын болса және жаңа конвенцияда керісінше б а с қ а д а й к ө з д е л м е с е , он да :

а) жаңа, қайта қарайтын конвенцияны Ұйымның қайсыбір Мүшесінің бекітуі жаңа қайта қараушы конвенция күшіне енгізілген ретте, 6-баптың ережесіне қарамастан, осы Конвенцияның өзінен өзі бұзылуына соқтырады.

б) жаңа, қайта қараушы конвенция күшіне енгізілген күннен бастап осы Конвенция оның Ұйым Мүшелері үшін жабық болады.

2. Осы Конвенция өзін бекіткен, бірақ жаңа, қайта қараушы конвенцияны бекітпеген Ұйым Мүшелеріне қатысты нысаны және мазмұны жағынан өз күшінде қалады.

11-бап

Осы Конвенцияның ағылшынша және французша мәтіндерінің күші бірдей.